

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Ғылыми кеңесімен 2018 ж. «22» ақпанда
№11 хаттамамен бекітілді

**2015-2025 жылдарға арналған
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
мемлекеттік университетінің сыбайлас
жемқорлыққа қарсы
стратегиясы
(Екінші басылым)**

З.ғ.д., профессор Е.Қ.Көбеевтің редакциялауымен

Құрастырушылар:

Р.М.Жұмашев;
Ж.Б.Уәлиева;
Г.С. Базарова;
А.В. Турлаев;
Ш.Т. Байкенжина.

**Қарағанды
2018**

Кіріспе

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемдік қауымдастықтың алдына тұрған жаһандық мәселенің бірі болып отыр. Жемқорлық қоғамның барлық қабатын, қызметтің барлық саласын зақымдайды, оны шешпей мемлекеттің ары қарай дамуы мүмкін емес жүйелі мәселеге айналған. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ««Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады», - деп атап көрсеткен болатын.

Қоғамға қызмет ету мен мемлекеттілікті нығайтудағы негізгі міндеттерді сәтті орындау үшін Елбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру және онымен күресуге барлық азаматтарды тарту жолымен жемқорлықпен күресті шұғыл күшейтуді ұсынды.

2014 жылдың 26 желтоқсандағы № 986 Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015- 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында: «Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік-экономикалық қарыштап дамуды тежейді және Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңмен жүріп келеді» деп атап көрсетілген. Сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына, ал адалдық пен сатылмаушылық мінез-құлық нормасына айналуы тиіс. ҚР Президенті өзінің «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласында атап өткендей, азаматтарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа деген берік иммунитет, оған деген жұртшылықтың мінеуі болмай, қалаған нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес.

Жүйелі мәселе ретінде сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғамның барлық топтары бірлесіп жұмыс істеуі керек. Мемлекеттік органдар мен қоғамның бірігуі, сыбайлас жемқорлықпен күресуде жария және бұқаралық сипаттағы алдын алушылық іс-шараларды қолдану, жемқорлық құқық бұзушылық үшін жазаның қолданылмай қалмайтындығы негізінде сыбайлас жемқорлықпен күресуде жетістікке жету мүмкін.

Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресуді ұйымдастыру, оны тудыратын себептерді болдырмау жағдайында академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің мемлекет деңгейіндегі сыбайлас жемқорлықтың көзін жоюда қосқан үлесі ретінде аталған саладағы түрлі жеке бағдарламалар мен ережелердің әзірлемесін қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия мен іс-қимыл жоспарын құру, жүзеге асыру мен мониторингтен өткізу бойынша белсенді қызметке бағытталған.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты аталған мәселе бойынша Қазақстанның түбегейлі ұстанымын қамтып

көрсететін стратегиялық құжаттар 2014 жылдың 26 желтоқсандағы № 986 Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015- 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы», Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 18 қарашасындағы № 410- V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» заңының негізгі идеяларымен сабақтастықта жасалған.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың табысты дамуының маңызды көрсеткіші, негізгі қағидаларының бірі жергілікті қауымдастықта, академиялық қоғам алдында, ұлттық және әлемдік рейтингтердегі университеттің жағымды бейнесі болып табылатын, университет жүзеге асыратын ішкі және сыртқы беделін тұрақты түрде жақсарту саясаты болып табылады. Корпоративті басқару қағидаларын табысты жүзеге асыру мен университеттің оң беделін тұрақтандыру жағдайында сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін барлық ғылыми-білім беру үрдісіне қатысушылардың келісілген және үйлестірілген күш-жігері қажет. Сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік әрбір Университет қызметкері мен студентінің азаматтық ұстанымына, ал академиялық адалдық пен сатылмаушылық мінез-құлық нормасына айналуы тиіс.

Т Ө Л Қ Ұ Ж А Т

Атауы	2015-2025 жылдарға арналған академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің жемқорлыққа қарсы стратегиясы
Әзірлеме негізі	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 18 қарашасындағы № 410- V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» заңы; • Қазақстан Республикасының 2013 жылдың 15 сәуіріндегі № 88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңы; • 2014 жылдың 26 желтоқсандағы № 986 Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015- 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы»; • Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы; • Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылдың 7 ақпанындағы № 52 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын бекіту туралы бұйрығы; • Университет көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттері.
Мақсаты	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты насихаттау, жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу, ЖОО-да мемлекеттік қызмет көрсету және білім беру қызметін жүзеге асыру процесінде жемқорлықты тудыратын себептер мен шарттарды анықтау және жою, Университет қабырғасында жемқорлық іс-әрекеттердің жүзеге асырылуына тосқауыл қою, сонымен қатар студенттер мен оқытушылар, қоғам, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының алдында академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің оң беделін қалыптастыру.
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> - университеттегі жемқорлыққа қарсы жұмыстың жоғары белсенділігі мен тиімділігі; - университеттің жемқорлыққа қарсы жұмысы туралы жұртшылықты ақпараттандыру үшін ұйымдастырушылық-техникалық құралдар кешенін құру; - жастар бойында жемқорлық көріністерін жеңу үшін қажетті белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу, жемқорлыққа қарсы мінез құлық стандарттарын қалыптастыру;

	<ul style="list-style-type: none"> - академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ қызметкерлерін жемқорлыққа қарсы ұстанымда бірігу мен ұйымдасу бойынша іс-шаралар әзірлеу және жүзеге асыру; - әлеуметтік-психологиялық және құқықтық көмек, жемқорлыққа қарсы әрекет үрдісінде университет студенттері мен қызметкерлерінің ар-намысын қорғауды қамтамасыз ету; - сыбайлас жемқорлық әрекеттерінен зардап шеккендерді қорғау бойынша іс-шаралар әзірлеу және енгізу; - сыбайлас жемқорлық құбылыстарын бодырмау мәселелері бойынша мемлекеттік және құқыққорғау органдарымен ынтымақтастықты дамыту; - ЖОО-да сыбайлас жемқорлықты жою үрдістеріне қоғамның белсенді қатысуын қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін дайындау және енгізу; - ЖОО-ның қаржылық қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету; - жемқорлыққа қарсы білім берудің түрлі элементтерін ЖОО қызметінің тәжірибесіне енгізу; - сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы ғылыми-қолданбалы зерттеулерді дамыту, оның ішінде, ҒЗЖ, СҒЗЖ, МҒЗЖ аясында.
<p>Құрылымы</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Университетті басқару және кадрлық саясат» стратегиялық бағытын жүзеге асыру жоспары. 2. «Білім беру үрдісіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметі» стратегиялық бағытын жүзеге асыру жоспары. 3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және тәрбие жұмысы» стратегиялық бағытын жүзеге асыру жоспары. 4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ақпараттық және ғылыми қамтамасыз ету» стратегиялық бағытын жүзеге асыру жоспары. 5. «Мемлекеттік органдармен серіктестік және ынтымақтастық» стратегиялық бағытын жүзеге асыру жоспары.

I. «Университетті басқару және кадрлық саясат» стратегиялық бағыты.

Мақсаты:

Басқару үрдістерінің тиімділігін жоғарылату және университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы беделін нығайту.

Міндеті:

Қазақстанның жетекші заманауи білім беру және ғылыми орталықтарының бірі ретінде университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бейнесін қалыптастыру саласында іс-шаралар кешенін дайындау және жүзеге асыру арқылы университеттің оң беделін нығайту.

Мақсатты индикаторлар мен күтілетін нәтижелер:

- профессорлық-оқытушылық құрамның тұрақты жоғары кәсіби деңгейін қамтамасыз ету;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды мемлекеттік қызмет көрсету, мемлекеттік сатып алу және білім беру қызметін көрсету үрдісінде сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
- корпоративті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жоғарылату;
- мақсатты аудитория арасында оң беделді дәріптеу;
- сыртқы ортада университет беделінің тартымдылығы мен білім беру үрдісіне қатысушылардың қанағаттану деңгейін жоғарылату.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы университет саясатының «**Университетті басқару және кадрлық саясат**» стратегиялық бағыты университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерінің жемқорлыққа қарсы дүниетанымын жоғарылату бойынша жемқорлыққа қарсы саясатты ұйымдастыру және өткізумен, сондай-ақ ЖОО-ның жемқорлыққа қарсы қызметінің үрдістерін тұрақты ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз етумен байланысты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар білім беру үрдісінің және басым бағыттар бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асырушы танылған университеттің ғылыми мектептері қызметінің одан әрі дамуын қамтамасыз етуге үндейді. Бүкіл қоғам жемқорлық әрекеттің құрбаны болып табылады, бірақ жемқорлық көріністердің жастарға тигізетін әсері ерекше қауіпті болғандықтан, университет ұжымы сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы әрекет бойынша мемлекет саясатын жүзеге асыру үшін қажетті ресурстардың көмегімен тиісті жағдайларды қамтамасыз ету міндеттерін өз мойнына алады. ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлықты алдын алу үрдістеріне студенттер мен қызметкерлер, сонымен қатар жоғары оқу орнының қызметі мен жемқорлыққа қарсы ЖОО қызметі мәселесі бойынша кері байланыс нәтижелеріне мүдделі барлық тұлғалардың қатысуын қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін дайындау және енгізу сыбайлас жемқорлықтың академиялық қауымдастыққа жат көрініс екенін жете түсініп, қабылдамауына себеп болады.

Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы әрекет бойынша мақсаттарға жетуге бағытталған стратегиялық жоспардың аталған бөліміндегі ҚарМУ қызметі келесі іс-шараларда көрініс береді.

**«УНИВЕРСИТЕТТІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ САЯСАТ»
СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
ЖОСПАРЫ**

№р/с	Стратегиялық бағыттар аясында міндеттерге жету бойынша іс-шаралар	Мерзімі, жылы	Жауаптылар
1	2	3	4
1.	Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің орнына жұмысқа тұру бойынша еңбек шарттарын жасасуда құжаттарды рәсімдеу бақылауын қамтамасыз ету	үнемі	Бірінші проректор, Қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы, Құқықтық қамтамасыз ету және ішкі аудит бөлімінің бастығы
2.	Ақпараттық-насихаттау материалдарын дайындау және тарату, университет ректораты блогының қызметін қамтамасыз ету	үнемі	Бірінші проректор, Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Құқықтық қамтамасыз ету және ішкі аудит бөлімінің бастығы, Ақпараттық технологиялар және телекоммуникация орталығының бастығы, Баспасөз қызметінің басшысы, факультеттердің декандары
3.	Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік қызметтер туралы заңнамаларын сақтау мәселелері бойынша құқытық сауаттылықты жоғарылату мақсатында оқыту	жыл сайын	Бірінші проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Құқықтық қамтамасыз ету

	жұмыстарын жүргізу		және ішкі аудит бөлімінің бастығы, Экономикалық жоспарлау және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы
4.	Материалдық құндылықтарды тиімсіз және үнемсіз пайдалану, мүлікті ұрлау мен бүлдіргені үшін тәртіптік, мүліктік және қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы қызметкерлерге ақпарат беру бойынша жиналыстар өткізу	жыл сайын	Бірінші проректор, Ұйымдастыру және шаруашылық жұмыс жөніндегі проректор, Құқықтық қамтамасыз ету ішкі аудит бөлімінің бастығы, факультеттердің декандары, бөлімшелердің басшылары
5.	Университеттің материалдық-техникалық және қаржылық ресурстарын мақсатты пайдалануды бақылауды қамтамасыз ету	үнемі	Бірінші проректор, бас бухгалтер
6.	Оқытушылар, (бөлімшелер) қызметкерлер жұмысын бағалау көрсеткіштерін бекіту және оларды еңбекке ынталандыру	жыл сайын	Бірінші проректор, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, оқу ісі жөніндегі проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор
7.	Зияткерлік меншікке және т.б. құжаттарды рәсімдеу тәртібін анықтайтын нормативті талаптардың сақталуын бақылау	үнемі	Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, ИТО директоры, Коммерциялау офисінің басшысы
8.	Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу	жыл сайын	Білім сапасын бағалау және мониторинг бөлімінің бастығы

9.	Университеттік және т.б. БАҚ-та ЖОО-ның жемқорлыққа қарсы қызметі бойынша ақпаратты орналастыру	үнемі	Баспасөз қызметінің басшысы
10.	Жемқорлық құқықбұзушылыққа қарсы әрекет ету және оның алдын алу бойынша іс-шара ретінде қызметкерлердің еңбек заңнамасын сақтау бойынша ішкі аудит жүргізу	үнемі	Бірінші проректор, Қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы, факультеттердің декандары, бөлімшелердің басшылары
11.	Сыбайлас жемқорлық алғышарттарын жою мақсатында университет көрсететін мемлекеттік қызмет сапасына үздіксіз мониторинг жүргізуді ұйымдастыру;	үнемі	Бірінші проректор, проректор, оқу ісі жөніндегі проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы, ОӘБ бастығы, ЖБ және ХББ бастығы
12.	Университеттің мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәртібі туралы қызмет алушыларға ақпарат беру бойынша жұмысты ұйымдастыру.	үнемі	Бірінші проректор, проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы, ОӘБ бастығы, ЖБ және ХББ бастығы

II «Білім беру үрдісіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметі» стратегиялық бағыты.

Мақсаты: Заманауи жоғары білікті мамандарды дайындау бойынша Университеттің білім беру үрдісі мен басқа да білім беру қызметінде жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру.

Міндеттері:

1. ЖОО-дағы жемқорлықты жоюға бағытталған оқу үрдісін және университеттің басқа да білім беру қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыру аясында іс-шаралар кешенін дайындау және енгізу.

2. Оқу үрдісін және университеттің басқа да білім беру қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыру барысында оқытушылардың қызметін әкімшілік тарапынан бақылауды күшейту.

3. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мәселелері бойынша студенттер, магистранттар мен докторанттарға білім беру семинарларын өткізу.

Мақсатты индикаторлар мен күтілетін нәтижелер:

–Мамандарды даярлауда сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихатты күшейту;

–сыбайлас жемқорлыққа деген берік иммунитет, еңбекке деген адал қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы түлектердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату;

– қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу үшін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мәселелері бойынша элективті курстарды дайындау;

– білім алушылардың академиялық жетістіктерін бақылаудың барлық формаларының ашықтығын қамтамасыз ету;

– емтихан сессиялары мен қорытынды аттестация кезеңінде жемқорлық құқықбұзушылықтың тууына қолайлы жағдайлар факторларын қысқарту және алдын алу;

– университеттің ғылыми, білім беру қызметі мен барлық бөлімшелерінің жұмысы саласында негізгі шешімдерді қабылдаудың ақпараттық ашықтығы мен айқындылығы;

– маңызды академиялық шешімдер қабылдауға профессорлық-оқытушылық құрамның қатысуы.

«Білім беру үрдісіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметі» стратегиялық бағыты сыбайлас жемқорлыққа деген берік иммунитет, еңбекке деген адал көзқарасы бар және әр қазақстандықтың табысқа, жоғары жетістікке жетуінің, білім мен материалдық жағдайының негізгі өлшемі Отанға деген сүйіспеншілік, қоршағандарға және дәстүрге деген құрметтеушілік, білімге

деген құлшыныс, еңбекқорлық, парасаттылық және адалдық болып табылатынын білуі қажет, жоғары білікті мамандарды даярлаумен байланысты.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың білім беру қызметі білікті маман даярлаудың аталған принциптеріне толықтай бағытталған. Университет студенттерді кәсіби даярлау жүйесіндегі теориялық білімдерді өзектендіру, тереңдету және кеңейту мүмкіндігін ұсынады, нақтылы жағдайдағы мәселені шешуде оларды қолдану; болашақ мамандардың танымдық, шығармашылық белсенділігін, ойлауын, коммуникативтік және психологиялық қабілеттерін дамытады; болашақ маманның кәсіби міндеттерін атқаруда теориялық және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мен шыңдауға ұмтылатын, алған білім, іскерлігін тереңдетіп, бекітетін әлеуметтік белсенді тұлғасын қалыптастыратын негізгі қызметтерді орындайды.

«БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ҚЫЗМЕТІ» СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

№р/с	Стратегиялық бағыттар аясында міндеттерге жету бойынша іс-шаралар	Мерзімі, жылы	Жауаптылар
1	2	3	4
1.	Университет көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасын қамтамасыз ету үшін қабылдау комиссиясы қызметінің ашықтығын арттыру жұмыстарын жалғастыру, бакалавриат, магистратура және PhD докторантура білім беру бағдарламалары бойынша университетке қабылдаумен байланысты рәсімдерді қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету.	Қабылдау науқаны кезеңінде	Бірінші проректор, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, оқу ісі жөніндегі проректор, факультеттердің декандары, қабылдау комиссиясы
2.	Қабылдау науқанының барысы мен қорытындысы мониторингі	Қазан, жыл сайын	Бірінші проректор, оқу ісі жөніндегі проректор, Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы, факультеттердің декандары, қабылдау комиссиясы
3.	Бірінші курс студенттерін білім беру үрдісінің талаптарына	Қыркүйек,	Бірінші проректор, оқу ісі жөніндегі проректор,

	әлеуметтік-психологиялық бейімделуін қамтамасыз ету	жыл сайын	тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы, факультеттердің декандары, қабылдау комиссиясы, тіркеуші кеңсесі
4.	Студенттер, магистранттар, докторанттардың білім алу үрдісінде, мінез-құлқында, әлеуметтік өміріндегі құқық бұзушылықтың себептері мен механизмдерін талдау	үнемі	Бірінші проректор, оқу ісі жөніндегі проректор, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрайымы, факультеттердің декандары
5.	Қызметі мемлекеттік құрылымға бағытталған мамандықтардың (бакалавриат, магистратура, докторантура) білім беру бағдарламаларының элективті пәндер тізіміне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізгі дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «ҚР жемқорлыққа қарсы саясаты және жемқорлық құқықбұзушылық» элективті курсы енгізу	Сәуір, 2018	Оқу ісі жөніндегі проректор, ОӘБ бастығы, факультеттердің декандары, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі
6.	ҚарМУ университетінің заң клиникасының қызметі аясында студенттер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, университеттің мемлекеттік қызмет көрсету тізбесі мен тәртібі туралы мәселелер бойынша заңдық жеке кеңестер өткізуді ұйымдастыру	үнемі	Заң факультетінің деканы, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі
7.	Білім берудің барлық деңгейінде «Құқық негіздері» оқу пәнінің мазмұнына 15%-дан	2016 жылдан	Заң факультетінің деканы, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы

	кем емес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыптарын енгізу	бастап	кафедрасының меңгерушісі
8.	Емтихан сессиясы мен қорытынды аттестация уақытында сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін түрлі жағдайлар мен қауіптің алдын алу мен жол бермеу мақсатында оқу үрдісіндегі тәртіпті сақтауға бақылау жасауды қамтамасыз ету	үнемі	Оқу ісі жөніндегі проректор, Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы, факультеттердің декандары, тіркеуші кеңсесі
9.	Студенттер мен магистранттардың емтихандарды ұйымдастыру және қабылдау ережелерін түсіндіру бойынша өтініштері үшін Қоғамдық қабылдау жұмысын ұйымдастыру	үнемі	Бірінші проректор, оқу ісі жөніндегі проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және халықаралық бағдарламалар басқармасының бастығы, Құқықтық қамтамасыз ету және ішкі аудит бөлімінің бастығы, Қоғамдық кеңес
10.	«Таза сессия» акциясын ұйымдастыру мен өткізу бойынша Штаб қызметін жетілдіру	сессия уақытында	Ректор, оқу ісі жөніндегі проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрайымы, студенттік өзін-өзі басқару органының көшбасшылары, Баспасөз қызметінің жетекшісі
11.	Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы жедел хабар беру үшін «Шұғыл желі» сенім телефонын ұйымдастыру	үнемі	Бірінші проректор, ректордың көмекшісі, Ақпараттық технология және телекоммуникация орталығының бастығы, Құқықтық қамтамасыз ету және ішкі аудит бөлімінің бастығы
12.	Білім алушылардан олардың	жоспар	Білім сапасын бағалау және

	білім беру қызметтерін көрсету сапасымен, университет көрсететін мемлекеттік қызметтер сапасымен қанағаттануы туралы әлеуметтік сауалнама алу	ға сәйкес	мониторинг бөлімінің бастығы, ОӘБ бастығы
13	Университет факультеттерінің сыбайлас жемқорлық құбылыстарына төзбеушілік қатынастар бойынша рейтингін қалыптастыру	Мамыр - маусым жыл сайын	Факультеттердің декандары, Білім сапасын бағалау және мониторинг бөлімінің бастығы
14.	Электронды тізімдемелерде аралық және қорытынды бақылау нәтижелерін тіркеу мониторингін және қызмет етуін қамтамасыз ету, бақылау іс-шаралары аяқталғаннан кейін ПОҚ-тың қолжетімділігін жабу	оқу жылы ішінде	Бірінші проректор, оқу ісі жөніндегі проректор, Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және халықаралық бағдарламалар басқармасының бастығы, Ақпараттық технология және телекоммуникация орталығының бастығы
15.	Емтихан сессиясын тапсыру қортындысына талдау жасау, аталған сұрақты ректоратта, Факультеттер кеңесінде қарау	Сессия қорытындысы бойынша	Оқу ісі жөніндегі проректор, ОӘБ бастығы, Білім сапасын бағалау және мониторинг бөлімінің бастығы, факультеттердің декандары
16.	Кітапхана қорындағы жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбындағы әдебиеттерді үнемі жаңартуды қамтамасыз ету	үнемі	Кітапхана директоры
17.	Диплом жұмыстарын қорғау, мемлекеттік және кезекті емтихандардың өткізу тәртібін анықтайтын нормативтік ережелерді сақтауға бақылау жасау	үнемі	Оқу ісі жөніндегі проректор, Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және халықаралық бағдарламалар басқармасының бастығы
18.	Жоғары оқу орнындағы жемқорлыққа қарсы білімнің	жыл сайын	Бірінші проректор, Қоғамдық кеңес, Байқау

	жай-күйін қорыту, оны жетілдіру мен тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу		кеңесі
--	---	--	--------

III. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және тәрбие жұмысы» стратегиялық бағыты.

Мақсаты:

Ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы және оны қабылдамауды; жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылыққа төзбеу; адалдық пен сатылмаушылдық; әлеуметтік жауапкершілік; дәстүрлі рухани құндылықтар мен құқыққа бағынышты мінез-құлықтың үздік халықаралық стандарттарын үйлесімді байланыстыру арқылы білім алушылардың қазақстандық патриотизмінің қалыптастыру.

Міндеті:

1. ЖОО-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне білім алушылардың кеңінен қатысуын қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін дайындау және енгізу.
2. Университетті басқару мен оның қоғамдық қызметіне білім алушылардың қатысуын кеңейту, қоғамдық бақылау институтын енгізу.
3. Студент жастар арасында адал еңбек пен еңбек әулеттері, Отанға патриоттық қызмет етуді дәріптеуді жаппай насихаттау.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған студенттердің қоғамдық бірлестігін құру және қолдау.
5. Академиялық адалдықты қалыптастыру - жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізі ретінде.

Мақсатты индикаторлары мен күтілетін нәтижелер:

- студенттік қауымдастықта дәстүрлі ұлттық құндылықтарды (сұраныстарға ұстамдылық пен қанағаттылық, ысырапқа рухани ұстамдылық пен бекемділік), рухани байлықтың материалдық байлықтан басымдылығын үндеу;
- білім алушылардың жемқорларға деген жағымсыз қатынасын қалыптастыру және өмірдің барлық салаларында жемқорлық іс-әрекеттен бойын аулақ ұстау;
- білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқықтық сауаттылық деңгейінің жоғарылауы, жалпы құқықтық мәдениет деңгейінің көтерілуі;
- ЖОО-ны басқаруда студенттер қатысуының кеңеюі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы қоғамдық бақылау институттарын құрылуы;
- білім алушылардың бойында «Мәңгілік ел» идеологиясы контексіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы этика мен қазақстандық қоғам мәдениетінің қалыптасуы;
- жемқорлыққа «нөлдік» төзбеушілікті қалыптастыру мен оған қарсы тұруда нақты ұсыныстарды әзірлеу бойынша азаматтық бастамашылдыққа жәрдем көрсетуді жүзеге асыруға студенттердің қатысуы.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және тәрбие жұмысы» стратегиялық бағыты университет студенттерін әлеуметтік-құқықтық қолдау дамытудың сапалы жаңа деңгейіне жетуге, сондай-ақ жоғары мәдени көзқарасы бар азаматты және өз елінің патриоты болатын маманды қалыптастыруға бағытталған. Жастардың жемқорлыққа қарсы мәдениеті, жемқорлыққа қарсы берік иммунитеті қалыптаспайынша, сыбайлас жемқорлықты жария сөгіссіз онымен күресте тиісті нәтижеге қол жеткізе алмаймыз.

Жоғары оқу орны жастарының патриоттық сезімі мен жемқорлық көріністерінің алдын алу жөніндегі белсенді азаматтық көзқарасын тәрбиелеуді ұйымдастыру құқықтың іргелі қағидаттары «заңдылық», «әділеттілік», «тең құқылық», «жауапкершілікке» сүйенеді.

Жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу қызметінде белсенді азаматтық көзқарасты қалыптастыру үрдісінде студенттік өзін-өзі басқару органдары оның ішінде, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы омбудсмен, Қарағанды облыстық ішкі саясат басқармасы, Мемлекеттік тілді дамыту басқармасы, Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясы кеңесі, Қарағанды облысының жастар бастамашылығы орталығы, «Нұр Отан» ХДП жастар қанаты «Жас Отан», Қарағанды қаласының ұлттық мәдени орталықтары, Қарағанды облыстық жастар мәслихатымен ынтымақтас Жастар ісі жөніндегі комитеті, Студенттік парламент, Студенттердің құқығы бойынша өкілі, Жатақханалардың студенттер кеңесі белсенді қатысады.

Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез құлық талаптарына, «нөлдік» төзбеушілікті насихаттау мен әлеуметтік-маңызды және патриоттық құндылықтарды жүзеге асыру тәртібінің стандартына жауап беретін студенттер тұлғасының дамуына барлық жағдайлар жасалған.

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ» СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

№ р/ с	Стратегиялық бағыттың аясында міндетке жету жөніндегі шаралары	Мерзімі, жылы	Жауаптылар
1	2	3	4
1.	Университеттің барлық ғимараттарында жемқорлыққа қарсы тақырыптағы стендтер дайындау және орналастыруды ұйымдастыру	наурыз, 2015	Бірінші проректор Құқықтық қамтамасыз ету және ішкі аудит бөлімінің бастығы, Баспасөз қызметінің жетекшісі, Баспа директоры, кәсіби-көркем өнер факультетінің деканы

2.	Студенттік мәселелер және жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүзеге асыру сұрақтары бойынша білім алушылардың ректормен, проректорлар, декандармен, кафедра меңгерушілерімен кездесуін өткізу	үнемі	Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрайымы, факультеттердің декандары, кафедралардың меңгерушілері
3.	Студенттер, оқытушылар мен қызметкерлердің құқық қорғау органдары, мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша агенттік өкілдерімен кездесуін өткізу	оқу жылы ішінде	Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Құқықтық қамтамасыз ету және ішкі аудит бөлімінің бастығы, Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрайымы, факультеттердің декандары
4.	Жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде студенттер және магистранттармен түсіндіру әңгімелерін жүргізу, курстық жиналыстар және әр топта кураторлық сағат өткізу	жыл сайын	Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрайымы, факультеттердің декандары
5.	Басқа жоғары оқу орындарының жемқорлыққа қарсы студенттік бірлестігінің өкілдерін шақырумен жемқорлыққа қарсы сипаттағы (конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және т.б) іс-шараларды өткізу	жыл сайын	Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрайымы, факультеттердің декандары
6.	«Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне» арналған жыл сайынғы іс-шаралар өткізу	жыл сайын	Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрайымы, Кәсіподақ комитетінің төрайымы, факультеттердің декандары, бөлімшелердің басшылары
7.	Оқытушылар, ғылыми қызметкерлер мен білім алушылардың арасында «Біз	жыл сайын	Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор,

	жемқорлыққа қарсымыз!» атты байқау ұйымдастыру және өткізу		Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрайымы, факультеттердің декандары
8.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы омбудсменнің студенттер арасында жүзеге асыратын тәрбиелік іс-шараларын қолдау және ынтымақтастық	жыл сайын	Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрайымы, факультеттердің декандары

IV. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметін ақпараттық және ғылыми қамтамасыз ету» стратегиялық бағыты

Мақсаты:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар сұрақтарын ғылыми зерттеу тиімділігін арттыру мен жемқорлық көріністерін жоюда тәжірибелік шешім қабылдауға бағытталған ақпараттық және ғылыми орта құру

Міндеті:

Жоғары білікті мамандарды даярлау және ҒЗЖ жүзеге асыру мен ұйымдастыру барысында кешенді шараларды әзірлеу және енгізу.

Мақсатты индикаторлары мен күтілетін нәтижелер:

- жоғары білікті мамандарды даярлау және ҒЗЖ-ның аясында жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді дамыту;
- жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін зерттеу бойынша ғылыми жобаларды жүзеге асыру;
- ЖОО-ның жемқорлыққа қарсы күрес туралы қызметімен қоғамды ауқымды ақпараттардыру үшін ақпараттық-техникалық құралдарды енгізу;
- университеттің жемқорлыққа қарсы күрес қызметі туралы ақпаратты алу жеделділігін арттыру;
- жемқорлық көріністеріне қарсы әрекетті ғылыми қолдау және ақпараттық қамтамасыз ету нәтижелілігі мониторингін ұйымдастыру.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметін ақпараттық және ғылыми қамтамасыз ету» стратегиялық бағыты ғылыми-білімдік инновациялық ортаны құру және қызметкерлер мен білім алушылардың біліктілігі деңгейін жоғарлату, зерттеу базаларын нығайтумен байланысты. Университет алдында жемқорлыққа қарсы күрес саласында одан әрі қолдану мақсатында профессорлық-оқытушылық құрамының перспективалық ғылыми-зерттеу әзірлемелерін анықтау және алға жылжыту міндеті тұр.

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ҚЫЗМЕТІН АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

№ р/с	Стратегиялық бағыттың аясында міндетке жету жөніндегі шаралары	Мерзімі, жылы	Жауаптылар
1	2	3	4
1.	Университет сайтының сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы	үнемі	Ақпараттық технология және телекоммуникация

	ақпараттық бөлімін жетілдіру		орталығының бастығы, Баспасөз қызметінің жетекшісі, Құқықтық қамтамасыз ету және ішкі аудит бөлімінің бастығы
2.	Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпараттық стендті әзірлеу және орналастыру.	үнемі	Оқу ісі жөніндегі проректор, Студенттерге қызмет көрсету орталығының басшысы
3.	Жемқорлыққа қарсы бағыттағы ҒЗЖ, МҒЗЖ, СҒЗЖ дамыту	оқу жылы ішінде	Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор
4.	Магистранттар мен PhD докторанттардың дайындығын жүргізуші ПОҚ арасында жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық іс-шаралар кешенін дайындау	үнемі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және халықаралық бағдарламалар басқармасы
5.	PhD диссертациялық жұмыстары мен магистрлік диссертация жұмыстарын қорғау, мемлекеттік және кезекті емтихандарды өткізу тәртібін анықтайтын нормативтік ережелерді сақтауға бақылауды қамтамасыз ету	үнемі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және халықаралық бағдарламалар басқармасы
6.	«Жемқорлыққа қарсы білім беру және насихаттау» тақырыбында дөңгелек үстелдер, ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру және қатысу үшін баяндама әзірлеу	жыл сайын	Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор
7.	Университеттегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы құпия ақпаратты қорғау бойынша іс-шараларды әзірлеу	жыл сайын	Бірінші проректор, оқу ісі жөніндегі проректор, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор

V. «Мемлекеттік органдар және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық пен серіктестік» стратегиялық бағыты

Мақсаты:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша университеттің үйлестірілген серіктестік жүйесін қалыптастыру.

Міндеті:

Жоғары оқу орындағы сыбайлас жемқорлықты алдын алуға бағытталған бірлескен іс-шараларды жүзеге асыру үшін жемқорлыққа қарсы одақты қалыптастыру мақсатында жоғары оқу орнының әлеуетті серіктестерімен байланыс орнату.

Мақсатты индикаторлары мен күтілетін нәтижелер:

- жемқорлыққа қарсы одақты қалыптастыру бойынша жоғары оқу орнының мүмкін болатын әріптесін сәйкестендіру;
- әріптестермен жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды өзара үйлестіруді қамтамасыз ету;
- жемқорлыққа қарсы ортақ іс-шаралар мен бағдарламаларды жүзеге асыру, бір-біріне қолдау мен көмек көрсету;
- жоғары оқу орны үрдісінде жүзеге асырылған жемқорлыққа қарсы іс-қимылдармен осы байланыстан алынған нәтижелерді жоғары оқу орны әріптестерінің арасында барынша жаппай ақпараттандыруды қамтамасыз ететін шара кешенін енгізу және әзірлеу.

«Мемлекеттік органдар және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық пен серіктестік» стратегиялық бағыты сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыруда қоғамның бірлесуі қағидаттарына негізделіп, жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен ынтымақтастық және басқа да жоғары оқу орындарымен терең серіктестік байланысты кеңейтуге бағытталған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды тиімді жүзеге асыру жемқорлыққа қарсы жаппай әрекет ететін барлық қоғам мүшелерінің белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекет пен қоғамның бірлігі мен өзара сенімділігі ғана қарсы тұра алады.

«МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН СЕРІКТЕСТІК» СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

№ р/ с	Стратегиялық бағыттың аясында міндетке жету жөніндегі шаралары	Мерзімі, жылы	Жауаптылар
1	2	3	4

1.	Қолданыстағы ЖОО-на талапкерлерді қабылдау ережесі туралы ақпарат беру мақсатында мектеп оқушылары, олардың ата –аналарымен кездесулер және Ашық есік күнін ұйымдастыру.	жыл сайын	Қабылдау комиссия, факультеттердің декандары
2.	Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қатыстыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес акциясын өткізу	жыл сайын	Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
3.	Жемқорлыққа қарсы күрес қызметі саласындағы серіктестермен мағлұмат пен тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру	үнемі	Бірінші проректор
4.	Мемлекеттік органдар және басқа да ЖОО-ның өкілдерін шақырумен жемқорлыққа қарсы сипаттағы (конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және т.б) іс-шараларды бірлесіп өткізу	жыл сайын	Бірінші проректор, оқу ісі жөніндегі проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
5.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы бірлескен ынтымақтастық үшін университеттің әлеуетті серіктестерінің тізімін қалыптастыру үшін деректер жинау және талдау	үнемі	Бірінші проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
6.	2017 жылдың мамырында Қарағанды жоғары оқу орындарының ректорлары қол қойған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Хартияның ережелерін іске асыру	үнемі	Бірінші проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
7.	Университеттің жемқорлыққа қарсы имиджін қалыптастыру үшін студенттік ұйымдарды тарту	үнемі	Бірінші проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы